



**«МАЃЫСТАУ ЭЛЕКТРТОРАПТЫҚ БӨЛУ
КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
«МЭБК» АҚ
бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
купонды алтыншы облигациялар
шығарылымының
ПРОСПЕКТІ**

«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және Эмитент пен облигацияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.».

Ақтау, 2013 жыл

1. Осы облигациялар шығарылымы «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарламасының проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер

Облигациялық бағдарлама проспекті мемлекеттік тіркелген күн	2005 жылғы 27 шілде
Шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай көріністегі облигациялық бағдарлама көлемі	9 864 500 000 (тоғыз миллиард сегіз жүз алпыс төрт миллион бес жүз мың) теңге;
Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі	алтыншы

Облигациялық бағдарлама шегінде ертеректе шығарылған облигация шығарылымдары туралы мәліметтер

Шығарылым нөмірі	Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн	Облигациялар саны	Нақтылы құны бойынша шығарылым көлемі	Орналастырылған облигациялар саны
1	27.07.2005 ж.	500 000 000 (бес жүз миллион) дана	500 000 000 (бес жүз миллион) теңге	500 000 000 (бес жүз миллион) дана
2	31.08.2006 ж.	700 000 000 (жеті жүз миллион) дана	700 000 000 (жеті жүз миллион) теңге	700 000 000 (жеті жүз миллион) дана
3	19.03.2007ж.	500 000 000 (бес жүз миллион) дана	500 000 000 (бес жүз миллион) теңге	500 000 000 (бес жүз миллион) дана
4	21.01.2008ж.	800 000 000 (сегіз жүз миллион) дана	800 000 000 (сегіз жүз миллион) теңге	800 000 000 (сегіз жүз миллион) дана
5	10.03.2009ж.	800 000 000 (сегіз жүз миллион) дана	800 000 000 (сегіз жүз миллион) теңге	800 000 000 (сегіз жүз миллион) дана

Облигациялық бағдарлама шеңберінде ертеректе шығарылған облигациялардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенант) бұзғанда жүзеге асырылатын және ұстаушылардың құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсетіп, ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар

Облигациялық бағдарлама шеңберінде ертеректе шығарылған облигациялардың ұстаушыларына берілетін құқықтар:

*Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
купонды алтыншы облигациялар шығарылымының проспекті*

- Облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған мерзімде номиналды құнын алу құқығы;
- Облигациялар шығарылымының проспектімен белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы,
- Облигацияларды еркін шеттету және басқаша өкімдік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

Облигация ұстаушысының облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімдерімен, алдыңғы Облигация шығарылымдарының проспектілерімен осы облигациялық бағдарлама шегінде шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған.

Эмитенттің шығарылған облигацияларының шеңберінде облигациялар шығарылымының және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарының талаптарына сәйкес ұстаушылардың құқықтары бұзылған жоқ.

3. ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1) Облигациялар түрі	купонды, қамтамасыз етілмеген облигациялар
2)	
• Шығарылатын облигациялар саны	1 700 000 000 (бір миллиард жеті жүз миллион) дана
• Номиналды құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	1 700 000 000 (бір миллиард жеті жүз миллион) теңге
3) Бір облигацияның номиналды құны	1 (бір) теңге
4) Облигациялар бойынша сыйақы	
Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі	белгіленген, облигациялардың бүкіл айналым мерзімі бойы – облигацияның номиналды құнының 8 % жылдығы;
Индекстелген облигациялар шығарғанда есептеу тәртібі	шығарылым индекстелмеген
Сыйақы есептеле бастайтын күн	Айнала бастаған күннен бастап; Облигациялар айналымы «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне осы облигациялар шығарылымы енгізілген күннен басталады.

*Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
купонды алтыншы облигациялар шығарылымының проспекті*

<p>Сыйақы төлеу кезеңділігі және күні</p> <p>Сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары</p> <p>Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі</p>	<p>Ресми тізімге енгізу күні туралы хабар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланады.</p> <p>Эмитент облигациялар айнала бастаған күннен бастап әр 6 ай сайын бүкіл облигациялар мерзімі бойы жылына екі рет сыйақы (купон) төлейді.</p> <p>Сыйақы тізілімде тіркелген күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.</p> <p>Төлем төленетін кезеңнің соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар сыйақы алуға құқылы.</p> <p>Төлем күні купонды сыйақы номиналды құнды купонды сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесіне көбейту арқылы есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен белгіленеді.</p> <p>Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда купонды сыйақы теңгемен төленеді. Теңгедегі соманы басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p> <p>Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес 360/30 (бір жылда 360 күн бар/ бір айда 30 күн бар) уақыттық есебінен сыйақы (купон) төлейді.</p>
<p>5) Облигациялар айналымы және өтеу туралы мәліметтер</p>	
<p>Облигациялар айнала бастаған күн</p> <p>Айналу мерзімі</p> <p>Облигациялардың айналуы</p> <p>Өтеу шарттары</p>	<p>Облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген күні облигациялар айнала бастаған күн болып табылады.</p> <p>Айналу мерзімі – айнала бастаған күннен бастап 10 (он) жыл.</p> <p>Облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналады.</p> <p>Облигацияларды өтеу төлем төленген кезеңнің соңғы күнгі жағдай бойынша Эмитент облигацияларын ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына соңғы купонды сыйақымен қатар облигациялардың номиналды құнын аудару арқылы қолма-қол ақшалай емес түрде жүргізіледі. Номиналды құн мен соңғы сыйақы сомасы облигациялар айналған соңғы күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында инвестордың банктік шоты болмаса, облигация ұстаушысынан жазбаша тиісті өтініш алынса, теңгедегі соманы аудару күнгі бағам бойынша басқа валютаға айырбастауға болады. Теңгедегі соманы басқа валютаға айырбастау облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі. Эмитенттің кінәсінен облигациялар бойынша</p>

*Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
купонды алтыншы облигациялар шығарылымының проспекті*

<p>Облигациялар өтелетін күн</p> <p>Облигациялар өтелетін жер</p> <p>Облигацияларды өтеу әдісі</p>	<p>жүргізіледі. Эмитенттің кінәсінен облигациялар бойынша сыйақы және/немесе өтегенде облигациялардың номиналды құны төленбеген жағдайда және толық төленбеген жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларына облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын және/немесе купонды сыйақыны және акшалай міндеттеме немесе тиісті бөлігі орындалған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін әр кешіктірілген күн үшін өсімақы төлеуге міндетті.</p> <p>Облигация ұстаушыларының тізілім деректеріне сәйкес облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы негізгі қарыз сомасы өтеледі және сыйақы төленеді.</p> <p>Тізілім тіркелген күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде. Төлем төленетін кезеңнің соңғы күнінің басталуы тізілім тіркелген күн болып табылады.</p> <p>Қазақстан Республикасы, Ақтау к., Құс фабрикасы ауданы;</p> <p>Облигация ұстаушыларының ағымдағы банктік шоттарына ақша аудару арқылы номиналды құн өтеледі.</p>
<p>6) облигациялар бойынша қамтамасыз ету</p> <p>7) облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер</p> <p>8) тіркеуші туралы мәліметтер</p> <p>9) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер</p>	<p>Облигациялар қамтамасыз етілмеген.</p> <p>«Евразийский Капитал» АҚ бірінші облигациялық бағдарлама шегінде осы шығарылым облигацияларын ұстаушылардың өкілі болып табылады.</p> <p>Басқарма төрағасы Ерناзар Закир Орналасқан жері: 050004, ҚР, Алматы к., Желтоқсан даңғылы, 59. тел: +7 727 333 40 20, факс: +7 727 333 40 21. Облигация ұстаушыларының өкілі қызметтерін ұсыну туралы шарт күні және нөмірі - № 7/82, 28.03.2013ж.)</p> <p>«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ Алматы к., Абылай хан д-лы, 141 тел. 8 (727) 272 47 60, 272 69 96 Басқарма төрағасы Жакупов Кайрат Тлеугазинович Шарт күні және нөмірі: Шарт №00637-АҚ, 26.12.12ж.</p> <p>«Нұрбанк» АҚ ЕҰ «MONEY EXPERTS» АҚ, Басқарма төрайымы Шайхиева Ляззат Кынатовна 050010, Алматы к., Республика алаңы 13, 106-офис. Тел. 8 (727) 266 60 53, 250 20 15, факс 2 50 20 13 Эмиссиялық бағалы қағаздарды алғаш орналастыру жөніндегі қызмет көрсету туралы шарт № 07/83 , 28.03.2013ж., Қаржы консалтингі қызметтерін ұсыну туралы шарт № 07/84, 28.03.2013 жыл. Қаржы консалтингі қызметтерін ұсыну туралы шарт №07/85, 28.03.2013 жыл.</p>

*Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
купонды алтыншы облигациялар шығарылымының проспекті*

<p>10) төлем агенті туралы мәліметтер</p>	<p>Төлем агенті қарастырылмаған.</p>
<p>11) облигацияның ұстаушысына беретін құқықтары</p>	<ul style="list-style-type: none"> - облигацияларды өтегенде номиналды құнын алу; - шығарылым проспектімен қарастырылған мерзімде облигациялар бойынша Эмитенттен купонды сыйақы алу; - облигацияларды еркін сату және басқаша шеттету; - заңнамамен және облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған тәртіпте талаптарын қанағаттандыру; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Эмитентке қойылған талаптарын қанағаттандыру; - облигацияларды иелену, пайдалану, өкімдік ету; - осы Проспектпен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда облигация ұстаушысы облигацияларды сатып алуды талап етуге құқықсыз.
<p>Эмитенттен облигацияларды өтеуді талап ету құқығы</p>	<p>Эмитент осы проспектімен қарастырылған міндеттері мен шектеулерді (ковенанттарды) сақтағанда осы шығарылым облигацияларын ұстаушылардың Эмитенттің сатып алуын талап ету құқығы қарастырылмаған.</p>
<p>11-1) Басталғанда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жарияланатын оқиғалар</p>	<p>Облигациялар бойынша дефолт – осы проспектпен белгіленген сыйақыны немесе номиналды құнын төлеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап есептелетін 10 (он) жұмыс күні ішінде облигациялар бойынша номиналды құнды және соңғы купонды сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу. Осы мерзім аяқталғаннан кейін Эмитент міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушыларының барлық құқықтары және мүддесін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Орындамау белгісіз күш жағдайларының салдары болса, Эмитент осы проспект бойынша міндеттемелерін толық немесе бір бөлігін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Белгісіз күш жағдайлары деп басталуын алдын ала білуге немесе тоқтатуға болмайтын жағдайлар (табиғат апаттары, соғыс әрекеттері, т.б.) түсініледі. Белгісіз күш жағдайлары туындағанда Эмитенттің осы проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осы жағдайлар мен салдарлары күшінде болатын уақытқа сәйкесінше кейінге қалдырылады.</p>
<p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент атқарған шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді</p>	<p>Дефолт оқиғалары басталған жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт оқиғасына алып келген себептерді жою шараларының жоспарын әзірлейді және бекітеді. Эмитент дефолт оқиғаларының бірі немесе барлығы басталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт оқиғалары (белгісіз күш жағдайларының салдары болып табылатын оқиғаларды есептегенде) туындаған себептерді жою үшін</p>

*Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
купонды алтыншы облигациялар шығарылымының проспекті*

<p>орындамағанда немесе тиісті түрде орындамағанда облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау процедуралары. Соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары</p>	<p>барлық ықтимал шараларды атқаруға міндетті. Аталған кезеңде осы себептер жойылмаса, облигация ұстаушылары облигацияларды сатып алу туралы Эмитентке жазбаша талап жіберу арқылы Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.</p> <p>Эмитент дефолттан қолайлы шығу жолын анықтау мақсатында облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу туралы бастама көтереді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлем мен орындау мерзімдерін көрсетіп, облигация ұстаушыларының алдындағы міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.</p> <p>Дефолт жағдайында Эмитент атқаратын, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешегін өтеуге бағытталған іс-шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржы-экономикалық, құқықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шараларды қамтиды.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылады.</p> <p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде алтыншы облигациялар шығарылымы проспектінің талаптары купонды сыйақы және/немесе негізгі борышты төлеу бөлігінде бұзылған жағдайда Директорлар кеңесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес кредиторлардың келісімімен, соның ішінде Проспекттің 11-т. аталған талаптарды есепке ала отырып, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдайды. Эмитент облигациялар бойынша дефолт басталғанда облигация ұстаушылары өкілінің міндетті қатысуымен келіссөздер жүргізу арқылы облигация ұстаушыларымен міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарына келіседі.</p>
<p>Облигация ұстаушыларына дефолт фактілері туралы ақпарат беру тәртібінің, мерзімі мен әдісінің толық сипаттамасы</p>	<p>Осы облигациялар шығарылымындағы міндеттемелер бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент бағалы қағаздар шығарылымы проспектімен белгіленген міндеттемелерді орындау күніне дейін қалған үш жұмыс күнінен кешіктірмей бағалы қағаз шығарылымының проспектімен белгіленген борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындамауы туралы облигация ұстаушыларына дербес хабарлауға міндетті. Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің ресми сайтында (www.mrek.kz) хабарлама жариялау арқылы облигация ұстаушыларына аталған мәліметтерді жеткізеді. Эмитенттің хабарламасы дефолт фактілері, соның ішінде орындалмаған міндеттемелер көлемі, орындалмау себебі туралы ақпаратты, облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттер тізімін, соның ішінде Эмитентке талап қою тәртібін, қалыптасқан жағдайды түзету үшін Эмитент атқаратын іс-шаралар, орындалмаған</p>

<p>12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы</p>	<p>міндеттемелерді ықтимал өтеу мерзімдері туралы ақпаратты қамтуы керек. Инвестор дефолт басталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні өткеннен кейін өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің атына жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Эмитент өтінішті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушысының өтінішін қарастырады. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигация сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешім қабылдағаннан кейін Эмитент облигацияларды сатып алады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Эмитенттің ресми сайтында (www.mrek.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) ақпарат жариялау арқылы қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларына жеткізіледі.</p> <p>Эмитенттің осы шығарылым облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.</p>
<p>12-1) Эмитенттің облигация ұстаушыларына өз қызметі мен қаржы жағдайы ақпарат беру тәртібі, ақпараттың мазмұны, осындай ақпаратты ашу тәртібі мен әдісі, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған шектеулерді (ковенант) бұзу туралы ақпарат көрсетіледі</p>	<p>Эмитенттің қызметі мен қаржы жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде Эмитенттің қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептері, шектеулерді (ковенант) орындау туралы ақпарат Эмитенттің ресми сайтында (www.mrek.kz), Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта аталған мерзімге және тәртіпке сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге және тәртіпке сәйкес орналастырылады және тұрақты түрде жаңартылып тұрады.</p>
<p>13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер</p>	<p>Облигацияларды орналастырудан алынған ақша Эмитенттің 2013-2015 жылдарға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталады. Эмитент облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны бөлу тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды.</p>

3-1. Облигацияларды өтегенге дейін әр сыйақы төлеу кезеңіне бөліп, сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

№1 қосымшада негізгі болжамдар көрсетіліп, Эмитент әзірлеген 2013 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі Эмитенттің ақша ағындарының болжамы берілген.

3-2. Эмитент қабылдайтын және Заңмен қарастырылмаған шектеулер (ковенанттар) (облигациялар шығарылымы туралы Эмитент органның шешімімен қарастырылған болса)

Осы облигациялар шығарылымының проспектімен белгіленген бүкіл облигациялар айналым мерзімі бойы Эмитент келесі талаптарды сақтауға міндетті:

- 1) Эмитент активтерінің құрамына жататын, шеттету күні эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомадағы мүлікті шеттетпеуге;
- 2) облигациялар шығарылымы мемлекеттік тіркелген күні осы эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан көбіне Эмитенттің облигациялар шығарылымымен байланысты емес міндеттемелердің орындалмау фактілеріне жол бермеуге;
- 3) Эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің өзгеруін қарастыратын Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеуге;
- 4) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеуге;

Айналуы ұйымдастырылған нарықта жоспарланған облигациялар шығарылымының проспектіне инвесторлардың құқықтары мен мүддесінің қорғалуын қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді (ковенанттарды) енгізу жөніндегі Листинг комиссиясының нұсқаулары

- 5) облигациялар эмитенті мен биржа арасында жасалған листинг шартымен белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін тапсыру мерзімінің бұзылуына жол бермеу;
- 6) облигациялар эмитенті мен биржа арасында жасалған листинг шартымен белгіленген облигациялар эмитентінің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептер беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

Инвесторлардың құқықтары мен мүддесінің қорғалуын қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектіне енгізу жөніндегі қор биржасының нұсқауларын эмитенттің қабылдау немесе қабылдамау негізі көрсетіледі.

Эмитент айналуы ұйымдастырылған нарықта жоспарланған облигациялар шығарылымының проспектіне қосымша шектеулерді (ковенанттарды) енгізу жөніндегі Листинг комиссиясының нұсқауларын қабылдады, себебі аталған шектеулер инвесторлардың құқықтары мен мүддесінің қорғалуын қамтамасыз ету үшін қажет.

Эмитент 1)–4) тармақшалармен қарастырылған талаптарды бұзған жағдайда және қаржы есептілігін тапсыру мерзімінің бұзылуына 5)–6) тармақшалармен үш ай немесе одан аса жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға облигация ұстаушысының талап етуімен облигацияларды сатып алуға міндетті. Сондай-ақ Эмитент келесі жағдайларда орналастырылған облигацияларды сатып алуға тиіс:

- 1) Эмитент облигациялар делистингі туралы шешім қабылдаса;
- 2) қор биржасы тізімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған ақпаратты қор биржасына беру бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамауына байланысты қор биржасы Эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаса;

3) облигация ұстаушыларының бұрынғы өкілімен шарт бұзылған немесе шарттың күші тоқтаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигация ұстаушыларының өкілімен эмитент шарт жасамаса.

Жоғарыда аталған жағдайларда Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға немесе облигациялардың әділетті нарық бағасы бойынша қай көлемнің үлкен болуына байланысты орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті.

Шектеулер (ковенант) бұзылғанда эмитент пен облигация ұстаушысының әрекет тәртібі, соның ішінде облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу бойынша эмитенттің әрекеттері

Шектеулер (ковенант) бұзылғанда облигация ұстаушылары Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.

Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға немесе облигациялардың әділетті нарық бағасы бойынша қай көлемнің үлкен болуына байланысты орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті.

Эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын қарастырмаған.

4. Опциондар туралы ақпарат

Опциондар қарастырылмаған.

5. Облигациялардың айырбасталуы туралы ақпарат

Облигациялар айырбасталмайды.

6. Облигацияларды орналастыру әдісі

1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі

Облигациялар айналымы басталған күн облигацияларды орналастыру басталатын күн болып табылады. Облигациялар ұйымдастырылған нарықта бүкіл айналым мерзімі бойы орналастырылады. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған нарықта орналастырылады.

2) жазылу арқылы акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастырғанда айырбастау шарттары көрсетіледі;

Осы шығарылым облигациялары айырбасталмайды.

3) облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі

Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда жүргізу арқылы орналастырылады, облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес төленеді.

Басқарма төрағасы м.а.

Бас бухгалтер



Жуматаев А.Р.

Сарсенова А.С.

*Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі
қупонды алтыншы облигациялар шығарылымының проспекті*

басқа заңды тұлғалардан кредит алу кірісі	мың теңге											
басқа түсімдер	мың теңге											
Ақшаның жұмсалуды, с.і.	мың теңге	3 389 364	1 683 229	2 397 229	2 788 855	3 256 858	3 463 839	2 840 385	3 018 212	3 208 487	2 526 866	2 607 418
негізгі құралдар мен матер. емес активтерді иелену	мың теңге	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000	300 000
жаңа құрылыс	мың теңге	303 100	200 000	214 000	228 980	245 009	262 159	280 510	300 146	321 156	343 637	367 692
нысандарды қайта құрылымдау және жанарту	мың теңге	2 786 264	1 183 229	1 883 229	2 259 875	2 711 850	2 901 679	2 259 875	2 418 066	2 587 331	1 883 229	1 939 726
басқа заңды тұлғаларға кредит беру	мың теңге											
басқа төлемдер	мың теңге											
Қаржы қызметі	мың теңге	705 077	-994 692	-194 589	-190 065	-185 446	-181 851	-181 739	-140 330	-98 915	-80 344	-1 766 558
Ақшаның түсуі, с.і.	мың теңге	1 701 286	1 382	1 486	1 769	1 844	2 085	2 198	2 276	2 361	2 517	2 600
Борыштық бағалы қағаздармен төлеу бойынша түсімдер	мың теңге	1 700 000										
сыйақы (пайыз)	мың теңге	1 286	1 382	1 486	1 769	1 844	2 085	2 198	2 276	2 361	2 517	2 600
басқа түсімдер												
Ақшаның жұмсалуды, с.і.	мың теңге	996 209	996 075	196 075	191 835	187 290	183 937	183 937	142 606	101 276	82 861	1 769 158
қарыздарды өтеу	мың теңге	800 000	800 000	0	0	0	0	0	0	0	0	1 700 000
банк кредиті үшін комиссия	мың теңге											
басқа төлемдер	мың теңге	196 209	196 075	196 075	191 835	187 290	183 937	183 937	142 606	101 276	82 861	69 158
Қолма-қол ақша балансы	мың теңге	-622 433	-159 898	64 190	281 408	-19 643	-275 633	233 087	42 733	-147 562	827 745	-987 812
Ақша ағыны		1 222 443	600 010	440 112	504 302	785 710	766 066	490 433	723 520	766 253	618 690	1 446 436
												458 623